

#### 4 дәріс. XVIII ғғ. психологиялық ой-пікірлер

Осы кезең рухани өмірінің көрнекті өкілдерінің бірі – Ақтамберді жырау (1675-1768) Қаратау бойында, Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген. Он бес жасынан бастап жорықтарға қатысып, жоңғарларға қарсы ұрыстарда даңқы шығып, ержүрек ерлігімен көзге түскен. Әйгілі батыр – жауынгер, әскер басыларының бірі.

Жауынгер-жырау 93 жасында дүние салды. Жырау толғауларында көшпенділердің өзіндік психологиясы көрініс тапқан. Көшпенділер ежелден ақ көңіл, қонақ жайлылығымен, меймандостығымен баршаға мәшһүр. Осынау ұлттық қасиет Ақтамберді толғауларындағы басты тақырыптың бірі. Жырау түсінігінде қазақ үшін байлық – мал. Малдың еті, сүті – тамақ та, жүні, терісі – киім. Мал халқымыз үшін көшсе көлігі, мінсе жүйрігі болғандығын жеріне жеткізе айта келіп, жырау жас ұрпаққа айтқан ақыл-кеңестеріне осы төрт түлікті бағып-қағу үшін қалтқысыз еңбек ет, малшылық кәсіпті сүй, жай сүюден ештеңе шықпайды, оның тілін, бабын таба білуің қажет дейді. Мал атаулының қадір-қасиетін тебірене жырлаған жырау, сайып келгенде жастарды шаруашыл, еңбекқор болуға шақырады да, олады бірлікке, татулыққа, ата-ананы сыйлауға, туған жерді басқыншы жаудан қорғай білуге, ержүректікке, батыр болуға үндейді.

Осы кезеңдегі қазақ ойшылдарының көрнектілерінің бірі – Бұқар жырау (1685-1777) қазіргі Өзбекстанның Бұқар шаһары маңындағы Елібай ауылында туған. Өмірі жайды нақты

мағлұматтар аз. Мұсылманша сауаты бар Бұқар қазақ топырағында ислам уағыздарын шама-шарқынша насихаттаумен айналысқан, ел басқару ісіне белсене араласқан жырау Абылау ханның ақылгөй, тәжірибелі дана кеңесшісі болған. Ойшыл жырау өзі өмір сүрген дәуір ерекшеліктерін реалистік тұрғыдан дұрыс суреттей білген. Оның «жат бойынан түңілсін, бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз» - деген жыр жолдары ағайын татулығы, ел берекесі туралы айтқандары, яғни «ағайын тату болса, жат жанынан түңілер» деген халық мәтелін құптай, халықтың тату-тәтті өмір сүруін армандауы – осы айтылғанның жақсы дәлелі. Жырау әр жастағы адамдардың көңіл-күйі, сезімдері, мінез ерекшеліктері, түсінік талғамдары, сенім, қызығулары, әдет-дағдылары әр түрлі болып келетіндігі жөнінде қызықты ой толғайды. Ол адам өмірінің жас кезеңдерінің ішінде жігіттік пен кәрілік шаққа ерекше көңіл бөледі. Бұқар жырау қазақ ақын-жыраулары арасында тұңғыш рет кәрілік құпиясын ерекше үңіліп, оның сан қилы ерекшеліктері туралы терең пікірлер айтқан ғұлама.

Осы кезеңнің өзінің психологиялық ой-толғансытарымен көбірек көзге түскен ақынның бірі – Шал ақын (1748-1819). Ол қазіргі Көкшетау облысының Азат темір жол станциясы маңында тұған. Халықтың қалың ортасында жүрген ол ақындығымен 15 жасында-ақ даңқы шықты. Сол тұста онсыз бірде-бір той-думан өтпейтін-ді. Ол өзінің ағайын, жекжат-жұрағат туыстарының достығын, бір-біріне қол үшін беруге, ізетті де әділетті болуға үндеді.

Адам ғұмырының әр түрлі кезеңдеріндегі (балғын балалық, жігіттік, кемеол жас пен қарттық шақ) адам өмірінің ерекше көріністері – ойшыл ақын туындыларының өзекті тақырыптарының бірі. Ол тіршіліктің байлығы – денсаулық, еңбек еті, отбасында жайлы да ұядай ұйыған ғұмыр кешу дейді. Оның жігіт-желеңнің 3 түріне сипаттама беруі көңіл аударарлық. Мәселен, соның бірінші үлгісі – болбыр, солапай, бозөкпе, арамтамақ, надан, жалқау, бұл «құржан», тура мағынасында адам атын жамылған жансүлде. Мұндай адам өмірде мақсаты жоқ сондықтан өмірі мағынасыз өтеді. Екіншісі – керенау, кербез, мешкей, мақтаншақ, өркөкірек, екіжүзді, тойымсыз. Сөздің екінші мағынасында мұндай адам «еті тірі», «пысық» жан. Қызғаншақ, жеңілтектік мұның ерекше қасиеттері. Үшінші үлгісі – жаны жайсаң адам, ақын мұндайларды «жігітжан» деп атайды. Оның ой-мақсаты, жан-жақты, өрісті, сабырлы да салиқалы келеді. Мұндай адамның асыл қасиеттері – еңбексүйгіштік, халқына қызмет ету, адамдарға пайдалы бола білу.